



Ғылыми мақала / Research Article  
MFTAP / IRSTI 03.20.00



<https://doi.org/>

## Орыс, түркі халықтары және қазақ тарихнамасындағы әмір Едігенің тарихи тұлғасы

Ж. Қалиев<sup>a</sup>✉, С. Дүйсена<sup>a</sup>✉

<sup>a</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

✉ kaliev\_zhabai@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада Алтын Орданың (Ұлық ұлыс) 1396-1419 жылдары билеушісі және Ноғай Ордасының басты биі (беклербегі) болған әмір Едіге туралы ресейлік-кеңестік, түркілік және қазақ тарихнамасында қалай қарастырылып баға берілгені баяндалады. Әмір Едіге басқарған ұлыстар Орыс мемлекетімен іргелес және тығыз қарым-қатынаста болғандықтан бұл қайраткер туралы олардың жазба деректерінде де мәліметтер молынан кездеседі. Орыс деректерінде Едіге туралы жырды қазақтардан Г.И.Спаский, ноғайлардан А.Ходзько жазып алғаны айтылады. Б.Греков, А.Якубовский сияқты танымал Ресей тарихшылары Әмір Едігені жағымсыз қайраткер ретінде сипаттады. Өйткені Алтын Орда Орыс мемлекетін 240 жылдай бағыныштылықта ұстағандықтан және осы ұлыстың бір басшысы, әрі орыс жерлеріне алым-салық төлемегені үшін бірнеше рет шапқыншылық жасағаны үшін айыптап озбыр, қатал, мейрімсіз билеуші ретінде бейнеледі. Дегенмен, М.Сапарғалиев, В.Трепавлов, Р.Почекаев сияқты зерттеушілер әмір Едіге тұлғасына объективті баға берді. В.Трепавлов Алтын Ордан бастау алатын Ноғай ұлысының негізін қалаушы Едіге екенін көрсетіп, оның лауазымы тарихи деректерде «түменбасы-темник», «әмір», «беклербек» атауларымен кездесетінін, бұл мемлекеттің XIV ғасырдың 90-жылдары Батыс Қазақстанда Жайық пен Ембі өзендері арасында орнығып, уақыт өте келе жер аумағын ұлғайтқанын жазады. Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Б.Аяған, М.Алпысбес сияқты ғалымдар Едігенің Қаратау бөктеріндегі Құмкент қалашығында дүниеге келгендігі туралы және бір кездері ноғайлардың Қырғызстанға дейін қоныс аударып жүргенін қолдайды. Едіге тұлғасын айқындауда халық жадында сақталған тарихи жырлар маңызды орын алады. XIX ғасырда түркі жұртына ортақ жырдың тарихи негіздерін ғылыми тұрғыдан саралауға алғаш қадам жасаған автордың бірі Ш.Уәлиханов: «Джир Идыге по событиям относится к концу XIV века, должно быть составлен в начале XV века. Это доказывається многими старинными словами и оборотами, которых теперь нет в языке» – деп көрсеткен. «Едіге» эпосын қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, өзбек, түрікмен сияқты түркі халықтары XIV-XV ғасырлардан бастап жадында сақтап 1944 жылға дейін дәріптеп келді. Бірақ Кеңес Одағында 1944 жылдан бастап Едіге мен оның ұрпақтарына байланысты жырлар өткен заманды дәріптеушілік, моңғол-татар басқыншылығын ақтау бар деген айыппен жариялауға тыйым салынды. КСРО құлап көптеген түркі халықтары тәуелсіздік алған соң «Едіге» жырын жариялау, зерттеу қайта қолға алынды. Эпосты зерттеушілердің дерегіне қарағанда бүгінгі таңда «Едіге» эпосының 50-ге тарта нұсқасы бар. Бірақ

зерттеушілердің пікірінше түркі халықтарында сақталған жырдың нұсқаларында Едігенің жеке басына байланысты деректер мен пікірлерде қарама-қайшылықтар мол екені байқалады. Едіге саналы өмірінің көп бөлігін Алтын Орда мен Ноғай ордасы билігіне қол жеткізу үшін және сол мемлекеттерді нығайту жолында күреспен өткізіп қаза тапқан тұлға.

Ойымызды жүйелей келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталдық: Біріншіден, Едіге тұлғасы көптеген түркі халықтарының тарихи жадында сақталып, 1,5 мың жылдан астам уақыт өтсе де түркі халықтарының тұтастығын сақтау жолында атқарған істері ұмытылмай, қайта жаңғырып, тұтас түркі жұртының орта ғасырлардағы Еуразиядағы ең қуатты империяның билеушісі ретінде тарихта орын алды. Екіншіден, Әмір Едігенің өмір жолы, мемлекет басқару өнері оның талантты, айлакер, батыл саясаткер, қолбасшы, дипломат болғанын байқатады.

Үшіншіден, Едіге әмір ноғай-қыпшақ ұлыстары мемлекетінің басшысы ретінде солардың мүддесін қорғап қызмет жасағандықтан қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген ер Едіге» деген атпен есімі сақталып, қазіргі күні жаңаша ұлықталуда. Төртіншіден, қазақ халқын, мемлекетін құраушылардың бірі қыпшақ ру-тайпалары болғандығы және олардың ноғай халқымен ғасырлар бойы шығу тегі бір және тілі, діні, ділі, салт-дәстүрі, мәдениеті, шаруашылық жүргізу әдіс-тәсілдері ұқсас болғандығы тарих ғылымында мойындалған ақиқат. Әмір Едіге сол ноғай ұлтының төл өкілі және қазақ пен ноғайға ортақ тарихи тұлға, Алтын Орда мемлекетін сақтап нығайту жолына өмірін арнаған мемлекет басшыларының бірі ретінде қазақ тарихында өзіндік орны бар қайраткер ретінде орнықтыру әділдік болар деп білеміз.

**Түйін сөздер:** Әмір Едіге; Әмір Темір; Тоқтамыс; Алтын Орда хандары; Алтын Орда (Ұлық Ұлыс); Ноғай Ордасы; тарихнама; эпос

**Сілтеме жасау үшін:** Қалиев Ж., Дүйсен С. Орыс, түркі халықтары және қазақ тарихнамасындағы әмір Едігенің тарихи тұлғасы. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Т.1, no.1, б.122-139. <https://doi.org/>

## The Figure of Emir Edigu in Russian, Turkic, and Kazakh Historiography

J. Kaliev<sup>a</sup>, S. Duisen<sup>a</sup>

<sup>a</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Abstract.** This article examines the study and evaluation of the role of Amir Edigu, ruler of the Golden Horde (Ulugh Ulus) from 1396-1419 and supreme biy (beklerbek) of the Nogai Horde, within Soviet/Russian, Turkic, and Kazakh historiography. As the uluses under Amir Edigu's authority bordered the Russian state and maintained close interrelations, Russian written sources preserve abundant information concerning him. Russian sources report that legends about Edigu were recorded from the Kazakhs by G.I. Spassky and from the Nogais by A. Khodzko. Prominent Russian historians, such as B. Grekov and A. Yakubovsky, characterize Edigu negatively. Given that the Russian state existed under the dominion of the Golden Horde for 240 years, Russian historians depicted Amir Edigu, one of this ulus's rulers, as a cruel tyrant due to his repeated raids on Russian lands precipitated by the non-payment

of tribute. Nevertheless, several researchers, including M. Saparghaliev, V. Trepavlov, and R. Pothekaev, offer a more objective assessment of Amir Edigu's personality. V. Trepavlov posits that Edigu founded the Nogai Ulus, which originated from the Golden Horde. He appears in historical chronicles under the titles “temnik”, “amir”, and “beklerbek”. The state formed in the 1390s was established in Western Kazakhstan, between the Zhaiyk (Ural) and Emba rivers, and subsequently expanded its territories. Sh. Ualikhanov, A. Margulan, along with scholars B. Ayagan and M. Alpysbes, maintain that Edigu was born in the settlement of Kumkent on the slopes of the Karatau mountains, and suggest that the Nogais may have migrated as far as Kyrgyzstan at some point. “Historical epic poems preserved in the people's memory play an important role in clarifying the figure of Edige”. Shokan Ualikhanov was the first, in the 19th century, to provide a scholarly analysis of the historical foundations of the epic common to the Turkic world. He noted, “The Zhir (Epic) of Edigu relates to events at the end of the 14th century and must have been composed at the beginning of the 15th century. This is evidenced by many archaic words and expressions no longer present in the language”. The epic “Edige” has been preserved in the collective memory of Turkic peoples – including Kazakhs, Karakalpaks, Nogais, Tatars, Bashkirs, Uzbeks, and Turkmens – who widely incorporated it into their culture from the 14th–15th centuries. However, commencing in 1944 within the Soviet Union, epics concerning Edigu and his descendants were perceived as glorifying the past and attempting to whitewash the Mongol–Tatar invasion, leading to their removal from publication. Following the collapse of the USSR and the attainment of independence by numerous Turkic nations, the “Edige” epic experienced renewed publication and research. According to contemporary researchers, approximately 50 variants of the “Edige” epic exist today. However, scholarly opinion holds that the extant versions contain numerous discrepancies when compared with historical sources and perspectives regarding Edigu's personality. Nonetheless, Edigu dedicated much of his active life to the struggle for power and the consolidation of the Golden and Nogai Hordes. Therefore, in conclusion, several facets of his personality merit emphasis: First, Edigu's persona persists in the historical memory of most Turkic peoples, as does his ambition to unify the Turkic nations. After centuries, his name has been restored and has assumed its place in history as the ruler of a significant Turkic empire in medieval Eurasia. Second, Amir Edigu's life course and statecraft demonstrate his qualities as a charismatic, adept, and resolute politician, military commander, and skilled diplomat. Third, as the ruler of the Nogai–Kipchak uluses, Edigu championed their interests. Consequently, he endures in the historical memory of the Kazakh people and is revered to this day as “El qamyn jegen er Edige”, translating to the hero who cared for the people. Fourth, it is a recognized fact within historical scholarship today that the foundation of the Kazakh people and state comprises Kipchak clans and tribes. These groups were historically proximate to the Nogais, sharing common origins, related languages, a unified faith, mentality, analogous traditions, cultures, and economic systems. Therefore, it is justifiable to regard Amir Edigu as a son of the Nogai people and a shared historical figure for both Kazakhs and Nogais – a ruler of the Golden Horde who dedicated his life to the state's preservation and consolidation, and a figure deserving a distinguished place in Kazakh history.

**Keywords:** Amir Edige; Amir Timur; Toktamys; khans of the Golden Horde; Golden Horde (Ulug Ulus); Nogai Horde; historiography; epic

**For citation:** Kaliev J., Duisen S. The Figure of Emir Edigu in Russian, Turkic, and Kazakh Historiography. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.1, no.1, pp.122-139. <https://doi.org/>

## **Исторический облик эмира Едиге в русской тюркоязычной и казахской историографии**

**Ж. Калиев<sup>а</sup>, С. Дуйсен<sup>а</sup>**

<sup>а</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

**Аннотация.** в статье повествуется о том, как изучалась и оценивалась роль правителя Золотой Орды (Улуг Улуса) в 1396-1419 гг., верховного бия (беклербека) Ногайской Орды – амира Едиге в советско-русской, тюркской и казахской историографии. Поскольку улусы, находившиеся под властью амира Едиге, соседствовали с русским государством и имели тесные взаимосвязи с ним, в русских письменных источниках сохранились богатые сведения об Едиге. Русские источники сообщают, что легенды об Едиге были записаны от казахов Г.И.Спасским, от ногайцев – А.Ходзько. Известные Российские историки Б.Греков и А.Якубовский характеризуют Едиге как отрицательного персонажа. Как известно, Русское государство 240 лет существовало под властью Золотой Орды, поэтому российские историки охарактеризовали одного из правителей этого улуса амира Едиге жестоким, безжалостным тираном за его неоднократные набеги на русские земли из-за неуплаты податей. Тем не менее, ряд исследователей, такие, как М.Сапаргалиев, В.Трепавлов и Р.Почекаев, дают объективную оценку личности амира Едиге. В.Трепавлов пишет, что Едиге был основателем берущего начало от Золотой Орды Ногайского улуса, в исторической хронике встречается под титулом «темника», «амира», «беклербека», а образованное государство в 90-е годы XIV века обосновалось в Западном Казахстане – в междуречье Жайыка и Эмбы, которое со временем увеличило свои владения. Ш.Уалиханов, А.Маргулан, а также ученые Б.Аяган и М.Алпысбес придерживаются мнения, что Едиге был рожден в городище Кумкент, расположенного на склоне горы Каратау, а ногайцы в какое-то время могли кочевать аж до Киргизии. «Исторические поэмы, сохранившиеся в народной памяти, играют важную роль в определении образа Едиге». Первым, давшим научный анализ историческим основам общего для всего тюркского мира эпоса в XIX веке, был Шокан Уалиханов. Он полагал, что «Джир Идыге» по событиям относится к концу XIV века, должен быть составлен в начале XV века. Его гипотеза подтверждается многими старинными словами и оборотами, которых теперь нет в языке». Эпос «Едиге» сохранился в памяти тюркских народов – казахи, каракалпаки, ногаи, татары, башкурты, узбеки, туркмены с XIV-XV веков широко применяли его в своей культуре. Однако в Советском Союзе с 1944 года эпосы об Едиге и его потомках стали восприниматься как восхваление прошлого, попытка обелить монголо-татарское нашествие и были сняты с книжных полок. С распадом СССР и после обретения многими тюркскими народами своей независимости эпос «Едиге» начал заново издаваться и исследоваться. Как отмечают исследователи эпоса, на сегодняшний день существует около 50 вариантов эпоса «Едиге». Но, по мнению ученых, в сохранившихся вариантах эпоса относительно источников и мнений касательно личности Едиге имеется множество разногласий. Тем не менее Едиге большую часть своей сознательной жизни боролся за власть и укрепление Золотой и Ногайской Орд. Авторское заключение подчеркивает особенности его личности: Во-первых, личность Едиге сохранилась в исторической памяти большинства тюркских народов, как не забыто его стремление объединить все тюркские народы. Спустя 1,5 тысячи лет его имя восстановлено вновь и получило свое место в истории в качестве правителя могущественной империи тюрков в средневековой Евразии. Во-вторых, жизненный путь и искусство управления государством амира Едиге характеризуют его как харизматичного,

ловкого, волевого политика, полководца и искусного дипломата. В-третьих, Едиге как правитель ногайско–кипчакских улусов отстаивал их интересы, поэтому в исторической памяти казахского народа он сохранился и по сей день почитается как «Ел қамын жеген ер Едіге», что в переводе означает «думающий о народе». В-четвертых, то, что основу казахского народа, казахского государства составляют кипчакские роды и племена, которые издревле являлись близкими к ногаям, с которыми имели общие корни, родственные языки, единую веру, менталитет, схожие традиции, культуры, тип ведения хозяйства – сегодня признанный в исторической науке факт. Поэтому справедливо будет считать амира Едиге как сына ногайского народа и общей для казахов и ногаев исторической личностью, одного из правителей Золотой Орды, который посвятил жизнь для сохранения и укрепления страны, деятелем, заслужившим особое место в казахской истории.

**Ключевые слова:** Эмир Едиге; Эмир Тимур; Токтамыш; Ханы Золотой Орды; Золотая Орда (Улуг Улус); Ногайская Орда; историография; эпос

### ***Кіріспе***

Барлық халықтар секілді Ұлы даланың түркі тілдес тұрғындары да өздерін өрге сүйрейтін ұлы тұлғаларын туғызып отырды. Ол тұлғалар сол қоғамның ауыр да жауапты жүгін, міндетін арқалады, өздеріне зор жауапкершілік алды. Ал, болашаққа сеніп ұлысын дұрыс басқарған, ақылы мен парасаты мол көшбасшы тұлғаларды халқы жақсы көріп жадында сақтады. Осындай тұлғаларды ұлттарға бөлектемей құрметтеп, сіңірген еңбектеріне қарай елеп-екшеп Ұлы Даланың жазба тарихында лайықты орын беріп отыру тарихшы ғалымдардың парызы.

Ғылыми зерттеуде ғылыми категорияларды анықтаудың маңызды орын алатыны белгілі.

Тұлғатануда қазақ тілді ғалымдар «өмірбаян», «ғұмырнама», «ғұмырбаян» деген тіркестер қолданса, орыс деректерінде «личность», «лидер», «персоналия», «историческая персоналистика», «биографическая история», «историческая личность», «микроистория» сияқты ұғымдарды қолданады. Біз мақаланы дайындау барысында М.Қозыбаев ұсынған «ғұмырнама» ұғымын қолдануды жөн деп білдік.

Тұлғатану тарих ғылымының бір маңызды бағыты саналады. Өйткені тұлғатану – мемлекет, ұлт тарихын терең танып түсінуге септеседі. Ал, дәуіртекті тұлғалардың қоғамдағы іс-әрекеті арқылы тарихтың тәжірибесі мен сабағы, қоғамның болмыс бітімі ашылады. Түркітөктес халықтар тарихында әлі де өзінің лайықты орнын толығымен ала алмай жүрген тұлғаның бірі Едіге. Қазақтың ауызша және жазба дереккөздерінде Едігені би деп әспеттейді. Едіге – орта ғасырларда өмір сүріп, Еуразия тарихында өзіндік орын алған түрік халықтарына ортақ тарихи тұлға. Сондықтан олардың ауыз әдебиетінде Едіге туралы тарихи-қаһармандық жырлар туды. Түркі халықтарының бірқатарында Едіге туралы көптеген өлеңдер мен аңыздар сақталған.

### ***Материалдар мен әдістер***

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – тақырыпта көрсетілгендей орыс мемлекетінің тарихи еңбектерінде, сонымен қатар қазақ және бауырлас түркі халықтарының жазба

және ауызша тарихнамасында әмір Едігенің шығу тегін және түркі тілдес халықтарға қатысы бар не жоқтығын анықтау, Едігенің Алтын Орда тарихындағы рөлінің бағалану динамикасын айқындау.

*Зерттеудің нәтижесі* – Алтын Орданың саяси тарихы мен оның бір әміршісі Едігенің тарихын зерттеу үрдісі өте күрделі және қатпарлы да, бұралаң жолдармен жүргені анықталды. Бұл әсіресе Едіге әмірдің тарихтағы рөлі мен оның тұлғасына арналған халық эпосының тағдырында айқын көрінді. Осы эпосқа байланысты зерттеулер басталғанда–ақ тарихшылар арасында осы тарихи тұлға мен оның тағдырына қатысты қызығушылық туды.

Тарих ғылымында жеке тұлғаның, яғни лидердің рөлі жөнінде ғасырлар бойы әртүрлі көзқарастар, пікірлер алуандығы тоқтаусыз жүруде.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда әйгілі тұлғалардың тарихтағы рөлі туралы пікірталастар әртүрлі тарихи кезеңдерде, ерекше тарихи тұлғалардың жағымды, не жағымсыз іс–қимылдарына, қоғамда болған саяси оқиғаларға т.с.с. жағдайларға байланысты өршіп, не бәсеңдеп немесе қайтадан жанданып отырған (Гринин 2011).

Ғылыми энциклопедияда тарихтағы тұлғаның рөлін зерттеуде З. Фрейд, К. Юнг, Н. Бердяев, А. Камю, Ж. Сартр, М. Хейдеггер, К. Ясперс, Х. Ортега-и-Гассет, Э. Фромм, М. Бубер және т.б. әйгілі ғалымдар үлкен үлес қосқаны айқындалған (Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік 2004: 264).

Әлемдік тұлғатану үрдісінен ортағасырлардан бері әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, М. Дулати, Қ. Жалайыри, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев сияқты қазақ ғалымдары да тыс қалған емес.

Ж. Баласағұн «жаһанды билеуге ұмтылған тұлғаға асқан ақылдылық, елге билік құруға жүректілік, батырлық» керектігін ескертеді.

Қазақстандық тарихшылардың бірқатары: «адамзат тарихында қоғамның дамып, әлеуметтік ортаның жоғары өркендеуіне адам факторы, әсіресе, лидер феномені ерекше әсер етеді» – деген пікірді қуаттайды (Әбуев 2011: 93).

М. Қозыбаев тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдары қазақ тарихын жаңаша зерттеуде өркениетті елдердің тарих методологиясы мен әдіснамасын игеруге шақырған болатын (Қозыбаев 1997: 39).

Тарихи жеке тұлғаларды концептуалдық тұрғыдан зерделеудің негізгі талаптарын тізбелей келе М. Қозыбаев тарихи тұлғаларды зерттеуде олардың өмір жайына, дүниетанымына, өмір сүрген ортасына, яғни заман сырына үңілуге үндеді (Қозыбаев 2013: 84).

Қ. Әбуев болса жеке тұлғаны зерттегенде күнделікті тұрмыс тіршілігін, өмір сүру жағдайын, яғни өміріндегі күрделі мәселелері, сырқаттары мен өлімі, отбасындағы қарым–қатынастары, істеген зорлық–зомбылығы, қайырымдылығы мен қасіреттері, ішкен асы, діни көзқарастары – міне осының бәрін қамтуға тырысу керек деп әріптесінің ойын нақтылай түседі (Әбуев 2011: 96).

Ресей империясы тарихнамасында Едігені кеудемсоқ, жауыз, зұлым билеуші ретінде сипаттаса, кеңестік тарихнама Едіге тұлғасы мен оған арналған эпосты орыс халқы мен мемлекетіне зиянды деп бағалап зерттеуге және дәріптеуге тыйым салды.

Едіге әмірдің шығу тегі, оның өз заманындағы түрік және славян халықтарының тарихи оқиғаларындағы әрқилы бағаланған рөлі мәселелері ғылыми методологиялық және тарихи даму барысындағы жүйелілік әдістеріне сүйене отырып қарастырылды. Ал

тарихи және этномәдени оқиғалар мен құбылыстарды жаңа теориялық–методологиялық ұстанымдар арқылы, бірқатар жағдайларда гипотетикалық қайта құрастырулар арқылы негізделді. Аталған ғылыми методология мақалада мынадай міндеттерді зерттеуге бағытталды:

- Әмір Едіге тақырыбын зерттеуге тыйым салыну себептері;
- Ер Едіге тұлғасын зерттеудің қайта жандануы;
- Әмір Едігенің шығу тегін айқындау;
- Едігенің Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) тарихындағы рөлі;
- Ұлттық тарихнамаларда Едігенің әртүрлі сипатталуы және бағалануы;
- Ер Едіге тұлғасының қазақтың жазба және ауызша тарихында бағалануы.

Зерттеу материалдары ретінде ғылыми монографиялар, энциклопедиялар, анықтамалықтар, дәрістер жинағы, мақалалар пайдаланылды ([Аяған 2020: 139-159](#)).

КСРО ыдыраған соң оның құрамында болған Әзірбайжан, Қырғызстан, Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан сияқты одақтас республикалар толық тәуелсіздік алып өздерінің тарихын ұлттық мүдделеріне сай жаңа көзқараспен және методологиялық ұстаныммен жазуға кірісіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Осы үрдіске Ресей Федерациясы құрамында болса да Татарстан Республикасы да өздерінің өткен тарихын, әсіресе Алтын Орда кезеңін жаңаша жазуда жүйелі жұмыс жасауда. 2003 жылдан Татарстанның Тарих институтында Алтын Орданың тарихы мен мәдениетін зерттейтін орталық құрылып жұмыс жасауда. «Золотоординская цивилизация» ғылыми жинағы 2008 жылдан бастап жүйелі шығып келеді. Татарстан ғалымдарының бастамасымен 2019 жылы Қазан қаласында Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтті. Осы ғылыми жиындар мен басылымдарда Алтын Орда хандары қатарында Едіге әмір тұлғасы туралы да айтылды ([Гиниятуллина 2023: 714–718](#)). Осы арада бір ескеретін жәйт, Татарстанның тарихшы ғалымдары Алтын Орданы татарлардың мемлекеті және Едігенің де ұлты татар, сондықтан осы ұлттың ханы және ұлттық батыры деген пайымды ұстанды.

Қазақстан тәуелсіздік алғанымен кейінгі жылдарға дейін отандық тарихшылар Алтын Орда тарихын зерттеген жоқ. Кейінгі жылдары ғана профессор Б. Аяған дәрістер жинағын, ал, А. Кушқумбаев, М. Алпысбес, Ж. Сабитов, Қ. Ускенбаев, Н. Атығаев сияқты қазақстандық тарихшылар Алтын Орда тарихына қатысты бірнеше зерттеу мақалаларын жазды. Осы зерттеулерде арнайы болмаса да Едіге әмір тұлғасы қарастырылды.

## Талдау

Тарих философиясы мен әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі К. Ясперс (1883–1969) «Тарихтың мәні мен мақсаты» атты еңбегінде тарихты, тарихи тұлғаларды, олардың заманын тереңірек тану үшін тек жазба, заттай (археологиялық) деректердің жеткіліксіздігін айта келе «бізге асыл сөз жеткенде ...тек ауызша мәліметтер ғана бізге адамның жан-дүниесі, көңіл күйі мен қозғаушы күштерін сезінуге мүмкіндік береді», – деп пайымдаған ([Ясперс 2006: 546](#)).

Қазақ әдебиеті ғылымы орнықтырған тарихи жыр тарих емес, олар тарихтың көркем шежіресі деген қағиданы ескере отырып Ер Едіге тұлғасын бағалауда ол туралы эпостағы мәліметтерді жазба деректермен салыстыра отырып пайдаланудың тигізер пайдасы мол деп ойлаймыз.



Әмір Едіге басқарған ұлыстар орыс мемлекетімен іргелес және тығыз қарым-қатынаста болғандықтан бұл қайраткер туралы олардың жазба деректерінде де мәліметтер молынан кездеседі.

Орыс деректерінде Едіге туралы жырды алғаш рет 1820 жылы «Сибирский вестник» журналы жариялады. Бұл Сібірде туып өскен жазушы Г. Спасскийдің қазақтар арасынан жинап, қарасөз түрінде орысша мазмұндамасы еді. Осыған ілесе 1830 жылы А. Ходзько Астрахань маңындағы ноғайлардан Едіге жайында бірнеше жыр жазып алды ([Бабалар сөзі](#) 2006: 442).

Кеңес заманының тарихшы академигі Б.Д. Греков: «В русской историографии давно сложилось представление о Едиге как об одном из наиболее коварных и хищных ордынских правителей. Это представление покоится на наиболее ценном полном источнике по истории русско-татарских отношений конца XIV и начало XV русской летописи», – деп жазған ([Греков, Якубовский](#) 1950: 384).

Ресей тарихшыларының Әмір Едігені жағымсыз қайраткер ретінде сипаттауын түсінуге болады, өйткені Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) Орыс мемлекетін 240 жылдай бағыныштылықта ұстағаны белгілі.

Ресей және Кеңес империялары құрамында ғұмыр кешкен қазақ, ноғай, татар, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түрікмен сияқты түркі халықтары «Едіге» эпосын XIV–XV ғасырлардан бастап 1944 жылға дейін жағымды бейнеде оқып, тыңдап және дәріптеп келді. Бірақ Кеңес Одағында 1944 жылдан бастап Едіге мен оның ұрпақтарына байланысты жырлар жарияланбады және ауызға алынбады. Себебі сол жылдың тамыз айында татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оны жақсартудың шаралары туралы» БК(б)П Орталық Комитеті қаулы қабылдап, сонда қатты сыналды. Қаулыда бұл эпосты өткен заманды дәріптеушілік, моңғол-татар басқыншылығын ақтау бар деген айып тағылды.

1947 жылы 21 қаңтарда Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің де қаулысы шығып, онда «Қазақ әдебиеті тарихын» құрастырушылардың «саяси босандығы» ретінде сыналды. Қаулы шыққан соң құрастырылып жатқан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына енген «Едіге» жыры, оның ұрпақтарына қатысты «Орақ-Мамай» жыры алынып тасталды ([Асанұлы](#) 2013). 50-ші жылдары қазақ әдебиетшілері мен тарихшылары тарапынан Мәскеу билігіне «Едіге» жырына берілген бағаны қайта қарау туралы әлсіз әрекеттер жасалғанымен нәтиже шықпады.

КСРО құлап көптеген түркі халықтары тәуелсіздік алған соң «Едіге» жырын жариялау, зерттеу қайта қолға алынды. Эпосты зерттеушілердің бірі, филология ғылымдарының докторы Жұбаназар Асанұлының дерегіне қарағанда бүгінгі таңда «Едіге» эпосының 50-ге тарта нұсқасы бар. Оның ішінде Шоқан нұсқасы 1400 жол, ноғай нұсқасы 1500 жол, башқұрт нұсқасы 5000 жол, татар нұсқасы 7000 жол, қарақалпақтағы Өтенияз нұсқасы 13680 жол, Қияс нұсқасы 16296 жол. Бәрінде де «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді», – деп дәріптеледі ([Асанұлы](#) 2013).

Өткен тарихқа шегініс жасап қарасақ XIX ғасырда түркі жұртына ортақ жырдың тарихи негіздерін ғылыми тұрғыдан саралауға алғаш қадам жасаған автордың бірі Шоқан Уәлиханов болғанын көреміз. «Джир Идыге по событиям относится к концу XIV века, должно быть составлен в начале XV века. Это доказывается многими старинными



словами и оборотами, которых теперь нет в языке, – деп, мұндағы тарихи оқиғалардың XIV ғасырда өтіп туындының XV ғасырда пайда болғанын көрсетеді (Валиханов 1985: 297). Жырдың ең басты қаһарманы Едіге екенін де осы қазақ ғалымы айтты. Ш.Уәлиханов Едігенің Шыңғыс әулетінен болмаса да Алтын Орданың төрт ханының атынан жеке дара билік жүргізген қайраткер екенін жазып кеткен.

Зерттеушілердің пікірінше түркі халықтарында сақталған жырдың нұсқаларында Едігенің жеке басына байланысты деректер мен пікірлерде қарама-қайшылықтар мол екені байқалады.

Тәуелсіздік жылдары белгілі қазақ тарихшысы Бүркітбай Аяған Алтын Орда тарихына арналған дәрістер жинағында Едіге туралы бес беттік тұщымды мәлімет берді (Аяған 2020: 147–150). Осыдан кейін Мақсат Алпысбес пен Фархад Алеушиновтың Едігеге қатысты бір мақаласы жарияланды (Алпысбес, Алеушинов 2023: 464–478). Осы екі еңбектен кейін отандық тарихшылардың әмір Едіге туралы басқа еңбектері кездеспеді.

Зерттеушілердің еңбектерінде және «Едіге» эпосында бұл тұлғаның өмір жолы, атқарған істері қым-қиғаш қарама-қайшылықтарға толы екендігі байқалады.

Фольклор зерттеушілердің бірқатарының пікірінше көзінің тірісінде-ақ Едігені жек көрушілер жеткілікті болған. Олар Едігені Алтын Орданы құлатуға жеткізген деп айыптайды. Даттаушылар ішінде атақты Әмір Темір мен Тоқтамыс ханның алар орны бөлек. Бұларға арқа сүйеген түркі халықтарының едәуір бөлігі Едігенің саясатын жамандап, әңгімелер, өлең-сөздер, аңыздар таратқан. Едігетанушы Жұбаназар Асановтың пікірінше Едігені қаралау да, мақтау да сол заманда, көзінің тірісінде бар еді, әлі де жалғасуда (Асанұлы 2013). Мәселен Н. Исәнбәттің редакциясымен шыққан «Идегәй» дастанында Едігені татар халқының қаһарманы ретінде көрсетеді (Исәнбәт 1940: 39-92).

Кеңестік және посткеңестік заманда «Едіге» жырын зерттеуге В. Жирмунский, П. Мелиоранский, А. Самойлович, М. Тынышбаев, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, С. Қасқабасов, М. Мағауин, Е. Мағауин сияқты белгілі ғалымдар азды-көпті өз үлестерін қосты. Бәрі де эпосқа жоғары баға берді (Бабалар сөзі 2006).

Едіге әмірдің тұлғасын тарихи тұрғыдан зерттеу мәселесі қазақстандық ғалымдар тарапынан әлі қолға алынбай келеді. Едігенің түркі халықтары, соның ішінде қазақ тарихындағы рөлі туралы аз ғана ғылыми мақалалар мен пікірлерді есепке алмағанда арнайы іргелі ғылыми еңбектер жоқ.

Белгілі қазақ тарихшысы Бүркітбай Аяған Едігенің шығу тегі туралы зерттеушілер, шежіретанушылар арасында пікірталастар көптігіне назар аударады. Бір деректер Балтықшының емес, Құтлықияның баласы, келесілері қоңырат, маңғыт (ақмаңғыт) және қожа тұқымынан, тіпті аңыздағы Баба Тұқластың ұрпағы деген болжамдар барын да алға тартады (Аяған 2020: 147).

Біздің ойымызша Қазақ энциклопедиясында жазылғандай Едіге Қаратау өңіріндегі Құмкент қаласын билеген маңғыт әулетінен шыққан Құтлу Қабаның (Құтлу-Каба) баласы (Қазақ Совет Энциклопедиясы 1974: 105) деген дерек шындыққа жанасымды сияқты.

Отандық ғылыми еңбектерде ортағасырлық Құмкент шаһарының орны Оңтүстік Қазақстан облысының Шолақорған ауданынан 30 шақырым жерде, Байқадам кентіне барар жолдың бойында екені көрсетілген. Құмкент қаласы XIII–XIV ғасырларда Таластан Сайрамға қарай созылатын сауда жолының бойында орналасты және XV ғасырдың аяғына

дейін адамдар мекендегені және бұл қоныстың орнын Ә. Марғұлан және А. Бернштам сияқты танымал ғалымдар зерттегені жазылған ([Бабалар сөзі](#) 2006: 434–435). Есімдері танымал екі ғалымның Құмкент шаһары тарихта болғандығы және мұнда көптеген түрік тектес халықтар бірге мекендегені туралы ойға жетелейді. Сонымен Едігенің осы аймақта дүниеге келуі мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Ал ерте замандарда ноғайлардың Қазақстанның оңтүстігі мен қырғыз жеріне дейін қазіргі қазақ, өзбек халықтарымен бірлесе жайлағаны туралы деректер кейінірек мақаламызда айтылады.

Дегенмен зерттеушілердің басым бөлігі әмір Едігені түркілердің бір бұтағы ноғай халқының өкілі деп біледі. Солардың бірі, қазақ халқының орта ғасырдағы тарихын көп зерттеген Қожабекұлы Байұзақ Албанидің 1960 жылы жарық көрген көптомдық «Народы Кавказа» деген кітаптан жинақтаған деректеріне қарағанда орта ғасырлар мен жаңа заманда Қырым ханына, Түрік сұлтандығына, Ресей патшалығына тәуелді болған ноғай халқының негізгі бөлігі 400 жыл бойы Қырым мен Еділ арасында өмір сүрді. Әмір Едігенің баласы Нұраддинің билік құрған 1426–1440 жылдары Ноғай Ордасы күшейіп, одан кейінгі жылдары әлсіресе де Ресей билігін 1600 жылға дейін толық мойындамаған. Ресей отаршылдығы зардабына шыдамаған ноғайлардың 1866 жылы 180 мыңы Түркияға қоныс аударған. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясы құрамында қалған ноғай халқының аздаған бөліктері Шешен, Ингуш, Қарашай, Шеркес, Дағыстан және Ставрополь өлкесінде мекендейді ([Қожабекұлы](#) 1994: 217–219).

Ноғай Ордасының тарихын терең зерттеген Ресей тарихшысы В.В. Трепавловтың пайымдауынша ноғайлардың осы саяси бірлестігі XIV ғасырдың 90–жылдары Батыс Қазақстанда Жайық пен Ембі өзендері арасында орнығып уақыт өте келе жер аумағын ұлғайтты ([Трепавлов](#) 2016: 64). Осы автор ұлыстың (Юрт) негізін қалаушы Едіге екенін көрсетіп, лауазымы тарихи деректерде «түменбасы–темник» (он мың әскер қолбасшысы)», «әмір», «беклербек» атауларымен кездесетінін жазады.

Қазақстандық ресми тарихнамада Алтын Орданың ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктің бірі Ноғай Ордасы екені және XIV–XV ғасырларда оған Батыс Қазақстан аумағы кіргені көрсетілген. Ноғай Ордасын іс жүзінде 15 жылдай (1396–1411) өз қолында ұстаған Едіге тұсында оқшаулана бастағаны және XV ғасырдың ортасына қарай тәуелсіз мемлекетке айналғаны баяндалады ([Қазақстан тарихы](#) 2010: 110).

Осы арада қазақстандық академиялық басылымдарда Ноғай Ордасының «Ноғай ұлысы», «Ноғай жұрты», «Маңғыт жұрты» аталатынын және бұл мемлекеттің Қазақстан аумағында пайда болғаны туралы нақты жазылғаны, Ноғайлы ұлысының негізін қалағандардың бірі әмір Едігенің де қазақ жеріне, тарихына тікелей қатысы барлығы мойындалғаны байқалады ([Қазақстан тарихы](#) 2010: 159).

Бестомдық «Қазақстан тарихының» екінші томында Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туысқандығы туралы Ш.Уәлихановтың жазғаны және Шоқанның қазақ ханы Жәнібек тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан орда» дегенін алға тартады ([Қазақстан тарихы](#) 2010: 160).

Ш.Уәлиханов қазақ және қырғыз шежірешілерінен, халық тарихын жадында сақтаған көнекөздерден естігендеріне сүйеніп бір кездері ноғайлардың Алатауға, қырғыздың Ыстықкөліне дейін барып жайлағанын, Ыстықкөл маңында ноғайдың бірнеше қалалары болғаны, тек апаттан соң қирағанын, желді, дауылды күндері көл жағасына–қайранға

олардың үй мүліктерін толқын айдап шығарып тұратынын жазған. Қазақтардың аңыз-жырларында ноғай мен қазақ аралас көшіп, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» еді деп айтылғанын еске алады (Уәлиханов 1985: 113–114).

«Ноғайлар жеріне қалмақханы Хоурлықшапқынынан соң, ноғайлар Жайықпен Еділдің арғы бетіне өтіп, қазақтар 1636 жылы оңтүстікке ығысады... Қазақ пен ноғайлардың жылап айрылысуы, сол кезде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің қобызда ойнаған күйлерінде өшпес із қалдырды. Ол дастан-жырларды, күйлерді тыңдаған кәрілердің сақалдарынан тарам-тарам жас ағып, мұң-шерге батады. «Ормамбет би өлген күн. Он сан ноғай бөлген күн», – деп жырлайды дала жыраулары, – деп тебіреніспен жазады Шоқан Уәлиханов (Уәлиханов 1985: 124).

Ноғай халқы, олардың ел басқарған қайраткерлері, солардың ішінде әсіресе Едіге есімі қазақ халқының тарихымен, фольклорымен тығыз байланысты. Қазақ ішінде Едігенің есімі өте әйгілі. Қазақ халқына ол батыл да, саяси қаһарман ретінде танымал. Қазақстанда елді мекендер, алаңдар, Ақтөбе қаласындағы көше Едіге есімімен аталады. Ұлытауда бір-бірінен алыс емес жерде орналасқан «Едіге» мен «Тоқтамыс» атты қос шоқылар бар (Аяған 2020: 147).

Кезінде Шоқан Уәлиханов та ортағасырлардағы аласапыран заманда түркі-моңғол тайпаларының біріккен одақтары болғанын, олардың кейбірі саяси тұтастыққа жеткенін Рашид ад-Дин мен А.И.Левшиннің деректеріне сүйеніп жазғаны белгілі. Ш.Уәлиханов ноғайлының «Едіге» жырын еске ала отырып, Сарайшық қаласы төңірегінде Ноғайлы елі болғанын жазады (Уәлиханов 1985: 110).

Едіге (1352–1419) маңғыт руының биі, қолбасшысы. Шыңғыс ханның әулетіне жатпаса да өзінің қарым-қабілеті, арқасында XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) тағын иеленген ел басшысы бола білді. Поляк және орыс тарихи деректерінде Едіге Ноғай Ордасының, Алтын Орданың беклербегі ретінде сипатталады.

Едігенің өмірінің елеулі кезеңі Алтын Орда мен Әмір Темір арасындағы соғыстармен тікелей байланысты өтті. Едіге тарих сахнасына өзінің басты қарсыласы Тоқтамыспен қатар шықты. 1378 жылы Тоқтамыс Ақ Орда ханы Темір Мәлікті жеңіп Ақ Ордаға ие болғанда Едігенің әкесін өлтіртеді. Осыдан кейін Едіге Тоқтамыстан қашып, Әмір Темірді паналайды. Кейбір деректерде Әмір Темірдің бір әйелі Едігенің апасы болғаны айтылады, бұл да Едігенің қуатты билеушіні жақынсырап паналауына бір себеп болса керек. Сонымен бірге Әмір Темірдің айналасына Тоқтамыстан қашқан көптеген Алтын Ордалық төрелер мен билер жиналады.

Ақырында 1391 жылы Тоқтамыс пен Әмір Темірдің соғысы басталғанда, Едіге мен басқа қолбасшылар бұл соғысты елдеріне қайту үшін бір орай деп білді. Әмір Темір Алтын Ордаға шабуыл жасағанда, Едіге бас қолбасшы ретінде қол бастады.

Ресейдің тарихнамасында Едіге Ноғай Ордасының негізін қалаушы маңғыт руы әулеті басшысы ретінде аталады. Ресей мемлекеті Ноғай Ордасын талқандап, оның мырзаларын өзіне бас идіріп, империяға қызмет етуге мәжбүрлегені мәлім. Ресей мемлекетіне қызметімен тарихта қалған Урусов, Шайдеков, Юсупов, Суюндиков княздері Едіге әулетінен тарағандар ретінде белгілі.

Едігенің Алтын Орда тағын иелену жолындағы күресіндегі «опасыздықтар» мен бұралаң жолдардан өтуіне баға беру үшін Алтын Ордадағы сол кездегі жағдайға жазушы,

тарихшы Мұхтар Мағауиннің берген төмендегідей сипаттамасына назар аударған жөн деп білеміз. «1357 жылы Алтын Орданың ұлы ханы Жәнібек өлгеннен соң елдің саяси жағдайы қиындайды, аумалы төкпелі «бұлғақ кезеңі» туады. Қазақта ескіден қалған «Нар мойыны кесіліп, Бердібектің өлген жері» деген мақал бар. Бұл Бердібек – Жәнібек ханның туған ұлы. Аталарына тартпаған қорқау, залым, таққа таласар деген қауіппен, кіндіктес, немере–шөбере туыстарының түгел көзін жояды, ел жұртына қарабет болып, арада екі жыл өтер–өтпестен өзі де кісі қолынан өледі. Бердібектен соң шынында да нар мойыны кесіледі, яғни Алтын Орданың негізін салған Бату ханның тұқымы құриды, Жошыдан тараған басқа әулеттер ішінде таққа талас басталады. Тарихшылардың есебі бойынша, «үлкен бұлғақ» дәуірінде айналасы 20 жыл ішінде Алтын Орда тағында 14 хан ауысыпты. Ешқайсысы еркімен түспеген, бәрі де өзара қырқыс нәтижесінде қазаға ұшыраған» (Мағауин 1995: 10–11).

Қарудың, әскери күштің қауқарына сүйеніп, билеушілердің тақ таласы кезінде, мемлекетаралық қатынастарда неше түрлі айла–шарғыларға, опасыздықтарға, адам жанын түршіктіретін қанды қылмыстарға барған сол ортағасырлық қатал, Исай Калашников сипаттағандай «сұм заманда» өмір сүрген Едігенің кейбір әрекеттерін қазіргі заман тұрғысынан айыптау орынсыз болар деп ойлаймыз.

Ноғай Ордасының тарихын терең зерттеген ресей тарихшысы В.В.Трепавлов «Едіге дәуірі» деп айдарлаған Едіге басқарған Алтын Орданың бұл кезеңі билікке таласушы топтар арасында өзара қырқыстың өршіп Ақ Орданың Жошы ұлысынан (Алтын Орда) іс жүзінде бөлініп, өз алдына жеке мемлекет болған кез еді. Едігенің тақ үшін күресте оның Шыңғыс әулетінен болмауы, қарсыластарының оны «хан тағына лайықсыз қарасүйек», – деп кемсітуі Едігенің олармен аяусыз күресуіне, осы күресте оны адамгершілікке жат әрекеттерге баруға итермелегенін де назардан шығармау керек.

Ақ Ордада одан кейін бүкіл Алтын Ордада, одан кейін өкімет билігі Тоқтамыс қолына өткен кезде Едіге оған опасыздық жасап, немере туысы Темір–Құтлық (Тимур–Кутлук) екеуі Әмір Темірге жақтасады.

XX ғасыр басындағы татарлардың «Шора» журналында жарияланған тарихи деректерге қарағанда Едіге Әмір Темірді үгіттеп 1391 жылы Тоқтамысқа қарсы жорық жасауға көндіреді. Тоқтамыс ханның көп санды әскерінің құрамында Едігенің руластары бар болғандықтан оларға астыртын хабар жіберіп шайқас кезінде Тоқтамысты тастап кетуге көндіреді. Сол себепті Тоқтамыс жеңіліп қашады. Сөйтіп Едіге Тоқтамыстан кегін алады (Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін 1998: 54–55).

1391 жылы Темірді де тастап шыққан Едіге Еділ мен Жайық арасындағы жерлерді жеке билей бастайды. Ол кейінірек Алтын Орданы да өзіне қаратты. Алтын Орданың ханы деген атаққа Темір Құтлық әншейін ие болғанымен, оның шын мәніндегі билеушісі (1396–1411) әмір Едіге болды.

М. Сафарғалиевтің дерегінше Темір Құтлық ханның тірі кезінде–ақ «Ордадағы барлық князьдардың князы» болып алған Едіге Темір–Құтылық өлгеннен кейін мемлекетті басқаруды түгелдей өз қолына алды. Алайда хан ұрпағы болмағандықтан Едіге оның алдындағы Мамай сияқты өзіне хан атағын бере алмады. Хан тағына Жошы ұрпағынан шыққан ханзадаларды отырғызуға мәжбүр болған Едіге солар арқылы мемлекеттегі бүкіл істерді толық биліктегі әмірші ретінде басқарды (Сафарғалиев 2014: 208).

Қазақ тарихшысы Ж.М. Сәбитовтің дерегінше Өзбек хан реформасынан кейін әмірлердің билікке араласуы басталды. Алтын Ордада әмірлерден 9 билеуші шықса, солардың бірі Әмір Едіге болды (Сабитов 2008: 21).

Тарихшы Р. Почекаев Алтын Орда тарихына арналған еңбектерінің бірінде Едіге әмірге біршама объективті баға береді. Автор Едігенің орыс тарихнамасында қайшылыққа толы күрделі тұлға ретінде сипатталатынын ескерте келе Алтын Орда хандарынан Едігенің бірқатар ерекшеліктеріне тоқталады. Едіге 1397–1411/1419 жылдары Алтын Орданы уақытша билеушілердің («временщик» Ноғай, Мамай сияқты) бірі болғанымен Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіруге соңғы рет әрекеттенген әмірші деп пайымдайды (Почекаев 2012). Әмір Темір билік жолындағы күресте қаза тапқанымен және Алтын Орда ыдырағанымен оның құрған негізгі мемлекеті – Ноғай Ордасы оның мұрагерлерінің (балалары, немере-шөберелері) қажырлы еңбектерінің нәтижесінде күшейіп біраз уақыт өмір сүріп, тіпті көрші мемлекеттердің Ноғай Ордасымен санасуларына қол жеткізген әмірші, – деген тұжырымдамаға тоқтайды (Почекаев 2012).

Тарихи әдебиеттерден Едігенің билікке қол жеткізу жолында бірқатар соғыстар жүргізгенін байқауға болады.

Едіге Темір Құтылықпен бірге Тоқтамысқа қарсы күресті. 1397 жылы Едіге Алтын Орда әскерінің қолбасшысы болды.

1399 жылы Едіге Ворскле өзенінің бойында Литва князы Витовтың және Литваға қашып кеткен Тоқтамыстың әскерін талқандады.

1399 жылы Темір-Құтлық өлген соң Едіге Алтын Орда тағына Шәдібекті отырғызды. Шәдібектің тұсында бұрынғы Жошы ұлысының жері ақырғы рет түгел біріктірілді.

1407 жылы Едіге Булгар қаласында өзін хан жариялаған Тоқтамыстың баласы Жалел ад-Динге қарсы жорық ұйымдастырды.

1409 жылы Едіге қарулы күштерімен өкшелей жүріп Батыс Сібірді паналап жүрген Тоқтамысты тауып өлтіріп өзінің бір басты бақталасынан біржолата құтылады (Аяған 2020: 148–150).

Әмір Едіге 1408–1409 жылы Руське шабуыл жасады. Ондағы мақсаты Орыс мемлекетін Алтын Ордаға қайтадан салық төлеуге мәжбүр ету еді. Жорық барысында орыстың Серпухов, Дмитров, Переяславль, Нижний-Новгород т.б. қалаларын қиратты. Москваны да қоршады бірақ оны ала алмады. Егер Едіге дарынсыз, нашар қолбасшы болса осыншама шайқастар жүргізіп, көбінде жеңіске жетпеген болар еді.

«Шора» журналындағы мақалаларда татар зерттеушілері орыстың атақты тарихшылары Карамзин мен Соловьевтің еңбектеріне сүйеніп Алтын Орда хандары жиі ауысып, биліктері әлсірегенін сезіп еркінсі бастайды. Олар Алтын Орда астанасы Сарайға сый-сияпатпен келіп, салық төлеуден бас тартты. Оларды тәубесіне келтіруді ойлаған Едіге Полад-Темірді 1408 жылы хан сайлатқан соң Мәскеуге жорыққа аттанады. Мәскеу князі мұны естіп, әскер жинап дайындалғанымен, бас қауіпсіздігін ойлап әйел-баласын алып Кострома қаласына қашып кетеді. Едіге әскерімен 30 қарашада Мәскеуге жетіп қоршауға алады. 20 күннен кейін Мәскеу қорғанысшылары 3 мың сом ақша төлеген соң, Едіге әскерін алып Ордаға қайтады. Сол кездегі деректер Едігенің Мәскеуді шабуылмен алмай тез қайтуын, Ордаға бір шаһзаданың шабуыл жасағаны туралы қауіпті хабар жетуінде деп түсіндіреді.



Дәл осы кезде Темір-Құтылықтың ұлы Сарай қаласына шабуыл жасап Полад хан мен Едіге мырзаны Орданы тастап қашуға мәжбүр етеді. Бірақ көп уақыт өтпей Тоқтамыс ханның ұлы Жалал ад-Дин Сарайдан Темір ханның өзін қуып шығады.

Полад хан мен Едіге мырза Қара теңіз жағалауына жетіп Ордадан бөлек Қаратеңіз ұлысын (кейін Қырым хандығына айналады) құрып Поладты хан етіп билік жүргізе бастайды.

Едіге 1416 жылы Литва кнәзі Витовтпен соғысып жеңеді. Көп тұтқындар мен олжаға кенеледі. Бірақ Едіге жан-жақтан қауіп көптігін ескеріп, жағдайды ушықтырмай Витовтпен дипломатиялық жолмен қарым-қатынасты жақсартуға кіріседі. Елшілікпен қызыл мәуіті жапқан үш түйе, 27 ат және князге хат жібереді. Едіге хатында екі жақтың да асыра сілтеп қателік жіберіп, соғысып көп қан төккенін, енді бейбіт өмір сүрейік деген мағынада ұсыныс жасайды. Осылайша екеуі татуласады (**Алтын** Орданың құрылуынан құлауына дейін. 1998: 58-59)

Едіге бір жағынан бұл татуласуды Алтын Орда билігін қайтарып алуға пайдаланбақшы болды. Едіге қарсыластарымен күресте дипломатиялық тәсілдің бірі ретінде әулеттік некені де тиімді қолдана білген. Мәселен, Әмір Темір ұрпағы Шахрұқтың баласына бір қызын ұзатып қарым-қатынасты жақсартуға ұмтылды (**Сафарғалиев** 2014: 215).

Едіге бір қызын өзі таққа отырғызған Темірбек ханға ұзатып күйеу баласымен туыстықты нығайтуға тырысқан, бірақ ол үміті ақталмады (**Аяған** 2020: 149).

Едіге осындай туыстық қатынасты Тоқтамыспен арада да қолданған. Қадырғали Жалайырдың дерегіне қарағанда Едігенің бір әйелі Тоқтамыстың бір баласы Күшік сұлтаннан туған Жәнике болды (**Қадырғали** Жалайыр 1997: 115).

1410-1412 жылдары Алтын Ордада болған аласапыран кезде Едіге өкімет билігінен айрылады. Өкімет басына қайтадан Тоқтамыстың балалары келді. Едіге жан сауғалап Хорезмге қашып барады, бірақ көп ұзамай (1414 ж.) ол жерден Герат ханы Шахрұқ Едігені қуып жібереді. 1419 жылы Сарайшық қаласының түбінде Едіге Тоқтамыстың баласы Қадырбердінің қолынан қаза тапты (**Қазақ** Совет Энциклопедиясы 1974: 105).

«Шора» журналындағы дерек бойынша Едіге мүрдесі Қажытархан (қазіргі Астрахань) қаласының шығыс жағына жерленген (**Алтын** Орданың құрылуынан құлауына дейін 1998: 59).

Авторлардың дерегінше Едіге ислам дінін берік ұстанған, діндар адам болған. Өлерінде жауларынан рұқсат сұрап, дәрет алып, намазын оқып барып өмірмен қоштасыпты.

### ***Зерттеу нәтижелері***

Едіге туралы Ибн Арабшаһ мынадай жазба қалдырыпты: «Едіге мырза аса ақылды білгір саясатшы еді. Досына мейірімді, дұшпанына қатал болды. Отыз күн ораза бес уақыт намазын қаза қылған емес. Шарифат амалдарын орындай жүріп, ғылым, білім, өнер туралы кітаптарды да жиып, оқып-біліп отырды. Сөзін тыңдайтын достары да мол еді. Жиырма жыл Дешті-Қыпшақта төре болып тұрды. Жақсы өмір сүрді. Жиырмадай баласы қалды» (**Алтын** Орданың құрылуынан құлауына дейін 1998: 60).

Қазіргі қазақстандық тарихнама 1419 жылы Едіге қазасынан кейін Алтын Орда шын мәнінде орталық билігі бар мемлекет болуын тоқтатып, XV ғасырдың ортасына қарай біржола ыдырады деп түйін жасайды (**Қазақстан тарихы** 2010: 110).

Едіге тұлғасы көптеген түркі халықтарының жадында сақталып, 600 жылдан астам уақыт өтсе де есімі мен ел тұтастығын сақтау жолында атқарған істері ұмытылмай, қайта жаңғырып, тұтас түркі жұртының орта ғасырлардағы Еуразиядағы ең қуатты империя – Алтын Орданы (Ұлық Ұлыс) 14 жыл басқарған билеуші ретінде тарихта орын алды.

Едіге көшпелі ноғай–қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан, қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген ер Едіге» деген атпен есімі сақталды.

Қазақтың бұрынғы ақын–жыраулары және қазіргі бірқатар қазақстандық қоғамтанушы ғалымдар – тарихшылар, әдебиетшілер, заңгерлер, тарихи зерттеушілер Едігені тарихи тұлға, Алтын Орданың (Ұлық Ұлыс, Жошы ұлысы) басқару тізгінін ұстаған ақылды би, шешен, қол бастаған батыр, шебер қолбасшы, дипломат ретінде таныды.

Сондықтан Едіге ежелден туысқан қазақ–ноғай халықтарына ортақ тарихи тұлға, нақты айтқанда Алтын Орда мемлекетін сақтап нығайту жолына өмірін арнаған мемлекет басшыларының бірі ретінде қазақ тарихында өзіндік орны бар қайраткер ретінде орнықтыру әділдік болар еді деп білеміз.

### **Қорытынды**

Біріншіден, Едіге тұлғасы көптеген түркі халықтарының тарихи жадында сақталып, бес жүз жылдан астам уақыт өтсе де есімі мен түркі халықтарының тұтастығын сақтау жолында атқарған істері ұмытылмай, қайта жаңғырып, тұтас түркі жұртының орта ғасырлардағы Еуразиядағы ең қуатты империя – Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) билеушілерінің бірі ретінде тарихта орын алғаны айқындалды.

Екіншіден, патшалық Ресей кезіндегі және кеңестік замандағы орыс тарихнамасында Әмір Едігені билікқұмар, залым жағымсыз тарихи қайраткер ретінде бейнеледі.

Үшіншіден, Ресей және Кеңес империялары құрамында болған түркі тілдес халықтардың дереккөздерінде Едіге ақылды, айлалы мемлекет басшысы, халықтарды біріктіруші шебер қолбасшы, дипломат ретінде сипатталды.

Төртіншіден, қазақ тарихнамасында Едіге әйгілі Шыңғыс әулетінен шықпаса да, «қара халық», яғни «әмірлер арасынан» қазақы пайыммен айтқанда «қарасүйек» тобынан шығып, Ноғай ұлысы билігін қолында ұстап, 1396-1419 жылдары оның басты бегі (беклербек) болғаны сипатталды. Едіге әмір ноғай–қыпшақ ұлыстарының мемлекет басшысы ретінде солардың мүддесін қорғап қызмет жасағандықтан қазақ халқының тарихи жадында сонау XV ғасырдың басынан бері «Едіге әмір», «Едіге би», «Ел қамын жеген ер Едіге» деген атпен есімі сақталып және осы күнге жетіп енді қайта жаңғыруда екені байқалады.

Түйіндеп айтқанда, Едіге ежелден туысқан қазақ–ноғай халықтарына ортақ тарихи тұлға, нақты айтқанда Алтын Орда мемлекетін сақтап нығайту жолына өмірін арнаған мемлекет басшыларының бірі ретінде қазақ тарихында өзіндік орны бар қайраткер ретінде орнықтыру әділдік болар еді деп білеміз.

Авторлар тобы осы зерттеу мақаланы жазу барысында негізгі мәселелер бойынша пікір алшақтығы болмағанын ескертеді.

### **Acknowledgement:**

The author expresses gratitude to the editorial board and reviewers for their scholarly and editorial contribution to the preparation of this article.



### **Алғыс**

Авторлар мақаланың техникалық жағынан талаптарға сай келуіне қолдау танытқан редакция қызметкерлеріне алғыс білдіреді.

### **Благодарность:**

Авторы выражает признательность редакции и рецензентам за научно-редакторское сопровождение статьи.

### **Әдебиеттер тізімі**

- Алпысбес М., Алеушинов Ф. Едіге бидің Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) тарихындағы орны. «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т.10, no.3, 464–478 бб. DOI:51943/2710-3994\_10\_3\_464-478.
- Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін. Мақалалар. Қадімше араб әрпімен татар тілінде шыққан «Шора» журналынан аударып, құрастырған Нұрқасым Қазыбек. Алматы: Рауан. 1998. 128 б.
- Асанұлы Ж. «Едіге» эпосы: эпикалық шындық пен тарихи шындық. «Ақтөбе» газеті. 2013. 7 наурыз.
- Аяған Б. Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы. Дәрістер жинағы. Алматы: ЖШС «Литера-М». 2020. 216 б.
- Әбуев Қ.Қ. Жеке тұлға: көшбасшы феномені. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі: қалыптасуы мен даму көкжиегі. ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Қазақстан тарихшылары 1 Конгресі материалдарының жинағы. 2011 жыл 16 қыркүйек. Астана. 2011. 301 б.
- Бабалар сөзі. Жүз томдық. 39–том. Батырлар жыры. Астана: «Фолиант». 2006. 448 б.
- Валиханов Ч. Собрание сочинений. В 5–ти томах. Том 5. Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии. 1985.
- Гиниятуллина Р.Р. Наследие татар Золотой Орды: научные мероприятия. *Золотоординское обозрение*. 2023. No.11(3), с.714–718. DOI:10.22378/2313-6197.
- Греков Б., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение*. Москва–Ленинград: Издательство Академии наук СССР. 1950. 475 с.
- Гринин Л. Личность в истории: современные подходы. *История и современность*. 2011. No.1, с.3–40.
- Isanbet N. 100th anniversary of the Tatar folk epic «Idegey». *Sovet edebiyaty = Soviet literature*. 1940. No.11, pp.39-92; No.12, pp.34-98.
- Қадырғали Жалайыр. *Шежірелер жинағы*. Жалпы редакциясын басқарған. М. Мағауин. Алматы: Қазақстан. 1997. 128 б.
- Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4–том. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының. 1974. 670 б.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2–том. Алматы: «Атамұра». 2010. 640 б.
- Қожабекұлы Байұзақ Албани. *Тарихи таным: ежелгі халықтар, тайпалар, рулар, жер жұтқан қалалар*. Алматы: Ататек, 1994. 400 б.
- Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері. *Қазақ тарихы* 1997. No.4, 37–43 б.
- Қозыбаев Манаш. *Шығармалар*. 3–том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 2013. 328 б.

- Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік*. Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева және т.б. Алматы: Раритет. 320 б.
- Мағауин М. *Қазақ тарихының әліппесі*. Деректі толғам. Алматы: «Қазақстан». 1995. 208 б.
- Почекаев Р. Цари Ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды. Изд. 2-е, испр. и доп. СПб.: Евразия, 2012. 464 с.
- Сабитов Ж.М. *Генеалогия Джучидов в XIII-XVIII веках*. Монография. Астана. 2008. 220 с.
- Сафарғалиев М.Г. *Алтын Орданың ыдырауы*. Алматы: Дайк-Пресс. 2014. 326 б.
- Трепавлов В.В. *История Ногайской Орды*. Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость». 2016. 765 с.
- Уәлиханов Шоқан. *Таңдамалы*. 2–бас. Алматы: Жазушы. 1985. 560 б.
- Ясперс К. *Тарихтың мәні мен мақсаты*. Тарих адамзат ақыл-ой ойының қазынасы. 9–том. Астана: «Фолиант» баспасы. 2006. 604 б.

### References

- Alpysbes M., Aleushinov F. Edige bidiñ Ūlyq Ūlys (Altyn Orda) tarihyndaǵy orny. «Edu.e-history.kz» *elektrondyk gylymi zhurnaly*. 2023. Vol.10, no.3, pp.464–478. DOI:51943/2710–3994\_10\_3\_464–478. (in Kazakh)
- Altyn Ordanyñ qūryluynan qūlauyna deim*. Maqalalar. Qadımşe arab ärpimen tatar tilinde şyqqan «Şora» jurnalynan audaryp, qūrastyrǵan Nūrqaşym Qazybek. Almaty: Rauan. 1998. 128 p. (in Kazakh)
- Asanuly Zh. «Edige» eposy: epikalyq şyndyq pen tarihi şyndyq. The newspaper "Aktobe". 2013. 7 nauryz. (in Kazakh)
- Ayagan B. *Ūlyq Ūlys – Altyn Orda memleketi tarihy*. Därister jinaǵy. Almaty: ZHSHS «Litera–M». 2020. 216 p. (in Kazakh)
- Abuev K. *Jeke tūlǵa: köşbassy fenomeni*. Täuelsız Qazaqstan memleketiǵy: qalyptasuy men damu kökjiegi. QR Täuelsızdıǵınıñ 20 jyldyǵyna arnalǵan Qazaqstan tarihşylary 1 Kongresi material-darynyñ jinaǵy. 2011 jyl 16 qyrküiekAstana. 2011. 301 p. (in Kazakh)
- Babalar sözi*. Jüz tomdyq. 39–tom. Batyrlar jyry. Astana: «Foliant». 2006. 448 p. (in Kazakh)
- Valikhanov Ch. *Sobranie sochinenii*. V 5–ti tomakh. Tom 5. Alma-Ata: The main editorial office of the Kazakh Soviet encyclopedia. 1985. (in Russian)
- Valikhanov Ch. *Tañdamaly*. 2–bas. Almaty: Writer. 1985. 560 p. (in Kazakh)
- Giniyatullina R. Nasledie tatar Zolotoj Ordy: nauchnye meropriyatiya. *Zolotoordinskoe obozrenie*. 2023, No.11(3), pp.714–718. DOI: 10.22378/2313–6197. 2023–11–3. (in Russian)
- Grekov B., YAkubovskij A. *Zolotaya Orda i ee padenie*. Moscow–Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. 1950. 475 p. (in Russian)
- Grinin L. Lichnost' v istorii: sovremennye podhody. *Istoriya i sovremennost'*. 2011. No.1, pp.3–40. (in Russian)
- Isanbet N. 100th anniversary of the Tatar folk epic «Idegey». *Sovet edebiyaty = Soviet literature*. 1940. No.11, pp.39–92; No.12, pp.34–98. (In Tatar)
- Kadyrgali ZHalajyr. *Şejireler jinaǵy*. Jalpy redaksiyasyn basqarǵan M. Magauin. Almaty: Kazakstan. 1997. 128 p. (in Kazakh)
- Qazaq Sovet Ensiklopediasy*. 4–tom. 4–tom. Almaty: General editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia. 1974. 670 p. (in Kazakh)

- Qazaqstan tarihy (köne zamannan бүginge deinn)*. Bes tomdyq. 2–tom. 2–tom. Almaty: «Atamura», 2010. 640 p. (in Kazakh)
- Kozhabekovich Bayuzak Albani*. Tarihi tanym: ejelgi halyqtar, taipalar, rular, jer jütqan qalalar. Almaty: Atatek, 1994. 400 p. (in Kazakh)
- Kozybaev M. Ğümyrnaма janryn zertteu мәseleleri. *Қазақ тарихы*. 1997. No.4, pp.37–43. (in Kazakh)
- Kozybaev M. *Şyğarmalar*. 3–tom. Almaty: "Kazakh encyclopedia". 2013. 328 p. (in Kazakh)
- Madeni-filosofiyalyk enciklopediyalyk sozdik*. Qūrast. T. Ğabitov, A. Qūlsarieva және t.b. Almaty: Raritet. 320 p. (in Kazakh)
- Maguin M. *Qazaq tarihyның әlippesi*. Derekti tolğam. Almaty: «Kazakstan». 1995. 208 p. (in Kazakh)
- Sabitov Zh. *Geneology of the Jochids in the 13th-18th centuries*. Astana. 2008. 220 p. (in Russian)
- Safargaliev M.G. *Altyn Ordanyñ ydyrauy*. Almaty: Dajk–Press. 2014. 326 p. (in Kazakh)
- Trepavlov V. *Istoriia Nogaiskoi Ordy*. Kazan: Kazan Real Estate Publishing House. 2016. 765 p. (in Russian)
- Jaspers K. *Tarihtyñ мәni мен maqsaty*. Tarih adamzat aqyl–oi ойнуыñ qazynasy. 9–tom. Astana: Folio publishing house. 2006. 604 p. (in Kazakh)

### Information about authors

- Zhabai N. Kaliev** – Director, Candidate of Pedagogical Sciences, Kazakh–Belarusian Scientific and Technical Research Center, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan Munaitpasov Street, 11, Astana, 010000, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [kaliev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliev_zhabai@mail.ru)
- Seitkali Zh. Duisen** – Senior Researcher, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Research Center “El Tarihy”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan Munaitpasov Street, 11, Astana, 010000, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [duisen52@mail.ru](mailto:duisen52@mail.ru)

### Авторлар туралы мәліметтер

- Жабай Нұрмақұлы Қалиев** – директор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан–Беларусь ғылыми–техникалық зерттеу орталығы, Қажымұқан Мұңайтпасов көш., 11, Астана қ., 010000, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [kaliev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliev_zhabai@mail.ru)
- Сейітқали Жахияұлы Дүйсен** – аға ғылыми қызметкер, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Ел тарихы» ғылыми–зерттеу орталығы, Қажымұқан Мұңайтпасов көш., 11, Астана қ., 010000, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [duisen52@mail.ru](mailto:duisen52@mail.ru)

### Сведения об авторах

- Жабай Нурмакович Калиев** – директор, кандидат педагогических наук, Казахстанско–Белорусский научно–технический исследовательский центр ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана Мунайтпасова, 11, Астана, 010000, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [kaliev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliev_zhabai@mail.ru)
- Сеитқали Жахияевич Дуйсен** – старший научный сотрудник, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Научно–исследовательский центр «Ел тарихы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана Мунайтпасова, 11, Астана, 010000, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>, [duisen52@mail.ru](mailto:duisen52@mail.ru)